



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КРЕДИТТЕУ ҮРДІСТЕРІ

2016 жыл

II жартыжылдық



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қысқаша тұжырымдар

2013-2014 жылдары кредиттеуге барынша агрессивті түрде қатысқан банктердің кредиттеуді күрт қысқартуы байқалды.

Жақсы қарыз алушыларға бәскелестік күшейді, бұл мөлшерлемелерді төмендетумен және қарыз алушыларға талаптарды қатаңдатумен қатар туындады.

Жұмыс істемейтін қарыздар деңгейінің төмендеуіне қарамастан банктер портфелінің сапасы объективтік себептерге байланысты төмен болып қалып отыр.

Негізінен экономикаға кредиттердің өсуі шағын және орта бизнесті жеңілдікпен қаржыландыру бойынша мемлекеттік қолдау бағдарламалары есебінен қамтамасыз етілген шағын кәсіпкерлік бөлігінде байқалды.

Жүйе бойынша кредиттік саясаттың жұмсаруын тежейтін және кредиттерге сұраныстардың өсуін шектейтін бірқатар факторлар – сыртқы тәуекелдер, кәсіпорындардың тұрақты емес қаржылық жағдайы, қарыз алушылардың төменгі төлем қабілеттілігі сақталып отыр.

«Кредиттеу үрдістері» – өзекті мәселелерге шолуды және кредиттеу нарығын дамытудың негізгі үрдістерін талдауды білдіреді.

Ұлттық Банктің ресми ақша-кредит статистикасы, екінші деңгейдегі банктердің «кредиттік нарық өлиемдерінің жай-күйі мен болжамдары» зерттеуі, елдің экономикалық даму көрсеткіштері, корпоративтік сектор және үй шаруашылықтары секторы өкілдерінің ақпараты жариялауға арналған дерек көздері болып табылады.

1 Кредиттеу нарығының ортасы

Банк және нақты секторлардың сыртқы талаптарға бейімделуіне орай валюталық және ақша нарықтарындағы ахуал тұрақтандырылды. Теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамы режиміне өту сыртқы тәуекелдердің ықпалын төмендетуге, мемлекеттік бюджетті және төлем балансын тұрақтандыруға мүмкіндік берді. Жиналуға орай 2016 жылдың қорытындылары бойынша нысаналы деңгейге қол жеткізе отырып, инфляция баяулады. Ақша-кредит саясатының коммуникациясы күтулі инфляция мен базалық мөлшерлеме арасында сенімді байланыс орнатты. Қысқа мерзімді мөлшерлемелерді одан әрі төмендетуді күтуді көрсете отырып, мемлекеттік борыш бойынша ұзақ мерзімді мөлшерлемелер төмендеді. Банктер кредиттер бойынша мөлшерлемелерді біртіндеп төмендетті. 2016 жылдың соңына қарай қорландыру құны кредиттеу үшін шешуші тосқауыл болып табылмайды. Сауда жасалатын сектордағы жалақының бәсекеге қабілеттілігін қалпына келтіру оның түсімділігін арттырды. Кәсіпорындарды экономиканың сауда жасалмайтын секторынан сауда жасалынатын секторға қайта бағдарлау процесі қосылды.

Осы уақытта халықтың нақты тартатын кірістерінің төмендеуі тұтынушылық белсенділіктің төмендеуіне және тұтынушылық импорттың қысқаруына себепші болды. Халықтың тұтынушылық құрылымы өзгерді. Ұзақ пайдаланылатын тауарлардың шығыстары сауда жасамайтын сектор кәсіпорындарының белсенділігіне теріс әсерін тигізіп, азық-түлік тауарларына ауысты. Атап айтқанда, құрылыс, сауда, қызмет көрсету секторларындағы кәсіпорындар сұратудың құлдырауына әкелді, сектор кәсіпорындарының түсімділігі және кредит қабілеттілігі төмендеді. Банктер және осы саланы кредиттеушілер 2016 жыл бойы портфельдердің жылжуын барынша азайту үшін үдемелі кредиттік тәуекелге ұшырады. Осының аясында мемлекет ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, сауда, көлік және құрылыс секторларында банктік кредиттеуді қаржыландыруды кеңейтті.

Нақты сектордың сауда талаптарын қалпына келтіру және ақша нарығын қалыптастыру аясында активтер сапасының проблемасы және қорландыру базасының тұрақтылығы кредиттеуді тежейтін негізгі фактор ретінде анық болды. Банктерді қорландырудың квазимемлекеттік секторға жоғары тәуелділігі ағынның жоғары әлеуетін сақтап қалды. Проблема практикада мерзімді депозиттер деп аталатын депозиттер талап ету депозиттері болып табылатындықтан тереңдеді. Шетелдік капиталға тәуелділіктің төмендеуі процесінде және депозиттер үшін тиімсіз бәсекелестік нәтижесінде жинақталған осы қорландыру тәуекелдері банктерді активтер сапасының нашарлауына барынша сезімтал етті. Біздің бағалауымыз бойынша, көптеген банктердің несие портфелі жеткілікті ақша ағынын жинақтамайды, ал жұмыс істемейтін қарыздар осы есептіліктен айтарлықтай асып кетеді. Несие портфелі бойынша ақша ағындарының төмендеуі банктердің өтімділігіне қысым көрсете бастады. Банктерден ҚРҰБ-не қысқа мерзімді қарыздар беру бойынша сұратулар пайда болып, 2016 жылғы екінші жартыжылдықта жиілеп кетті.

2 Кредиттеу үрдістері


Банктердің кредиттік белсенділігі төмен күйінде қалды. Банктер кредиттеу көлемін қысқартты. 2016 жылдың екінші жартыжылдығында кредиттік белсенділік қорландыру базасы орнықты және шоғырландыру процестеріне тартылмаған банктер бөлігінде ғана сақталды (2.1-график). 2013-2014 жылдары агрессивті кредит саясатын жүргізген банктер кредиттеуді күрт қысқартты.

Ірі және орта бизнес қарыздарының портфельі шағын бизнеске берілген кредиттермен ауыстырылды. Шағын бизнеске берілген қарыздардың портфельдегі үлесі 2015 жылғы 16%-дан 2016 жылы 24%-ға дейін өсті (2.2-график).

Портфельдегі валюталық қарыздар сұраныстың құлдырауымен және оларды өтеу көлемінің беру көлемінен асып кетуіне байланысты қысқарды.


Банктер қарыздар құнын төмендетті. Базалық мөлшерлеменің төмендету серпініне және салымдардың долларлану деңгейінің азаюына (2.3-график) бағдарланған банктер қарыздардың құнын төмендетті. Теңгемен кредиттер бойынша мөлшерлемелер 2016 жылғы қаңтардағы 23,7%-дан желтоқсанда 15,5%-ға дейін біртіндеп төмендеді (2.4-график). Алайда банктер жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер пулының құны 2016 жылдың екінші жартысында қарыздардың құнына қатты қысым көрсетінін атап өтті. Осыған байланысты банктер 2017 жылы кредиттер құнын қатты қысқартуды жоспарлап отырған жоқ.

2.3-график. Салымдарды таза тартудың субъектілер және валюталар бойынша көлемі




■ Теңгемен таза тарту
■ Валютамен таза тарту
— Теңгемен тартудың орташа алынған мөлшерлемесі (оң жақ ось)
Таза тарту – кезеңдегі тартылған және алынған салымдардың көлемі арасындағы айырма
Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

2.1-график. Кезеңде берілген кредиттердің номиналдық өсуі




Номиналдық өсу – өткен жылдың осындай кезеңіне пайыздық өзгеру;
Ескертпе: 2015 ж. соңында
1-топ – К2 көрсеткіші 17%-ға дейін; (11 банк)
2-топ – К2 көрсеткіші 17% және 25% аралығында; (10 банк)
3-топ – К2 көрсеткіші 25%-дан жоғары. (13 банк)
Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

2.2-график. Кредиттеу субъектілері бойынша бөлу



Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

2.4-график. Кезеңде берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер



Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

3 Бизнесі кредиттеу

Капиталға түсірілетін қысымның өсуі нәтижесінде банктердің өздеріне тәуекелдер қабылдау мүмкіндіктерінің шектелуі кредиттеуді қайта қалпына келтіру процесінің баяулау себептерінің бірі болды. Сауда-саттық секторының бәсекеге қабілеттілігін қалпына келтіру 2016 жылдың 3-тоқсанында кредиттерге деген сұранысты артуына ықпал етті. Банктердің белсенділігі мемлекеттік қаражат есебінен жоғары болды. Макроэкономикалық жағдайлардың тұрақтанғанына қарамастан, 4-тоқсанда «Қазинвестбанк» АҚ-тың лицензиясын кері қайтарып алу және бірқатар банктерден ірі кредиторлардың кетуі кредиттеудің өсуіне жағымсыз әсет етті.

Банктердің кредиттерді ұсынуы тарылды. Екінші жартыжылдық ішінде 3-топқа кіретін банктердің ұсыныс төмендеді. 2016 жылдың 4-тоқсанында депозиторлары кеткен орта және ұсақ банктер өз позицияларынан айырылды. Осы банктердің клиенттері 1 және 2-топтардағы неғұрлым ірі банктерге ауысты. 2-топқа кіретін банктер нарықтағы қатысуларын кеңейтті (3.1-график).


Берілген кредиттер көбіне айналымы жоғары қысқа мерзімі кредиттер. Айналым қаражатын толықтыру мақсатында кредиттік ресурстарға деген сұраныстың жоғары болуы байқалды (3.2-график). Ірі бизнестің ұзақ мерзімді қарыздарға деген сұранысы төмен болып қалды, ал шағын кәсіпкерлік тарапынан ол өсті.

Салалар бойынша берілген қарыздардың құрылымы әр түрлі болды. 2016 жылдың 2-жартыжылдығында сауданы (+21%), көлікті (+53% - негізінен су көлігі кәсіпорындарын), құрылысты (+10%) және байланысты (+61% - мобильдік байланыстың ірі операторына берілген жалғыз қарыз) кредиттеу ұлғайды. Тау-кен өндіру (-36%) және өндеуші өнеркәсіп (-10%) салаларын, ауыл шаруашылығын (-5%) кредиттеу қысқарды.

Көтерме және бөлшек сауда

Тұтынушылық шығыстарының қысқаруы сауда көлеміне жағымсыз әсер етті.


3.1-график. Банктер топтары бойынша кредиттік белсенділік



Кредиттік белсенділік – кезеңде берілген кредиттердің кезең соңындағы кредиттерге қатысы

Дереккөзі: ақ ша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

3.2-график. Берілген кредиттердің мерзімділік және банктер топтары бойынша көлемі



Ескертпе:


1-топ – К2 көрсеткіші 17% дейін;

2-топ – К2 көрсеткіші 17% және 25% арасында;

3-топ – К2 көрсеткіші 25%-дан жоғары.

Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

3.3-график. Көтерме және бөлшек сауда саласының қаржылық көрсеткіштері



Кірістілік – салық салғанға дейінгі кірістің негізгі қызметтен түсетін жалпы кіріске қатысты

Банктер алдындағы берешек – банктер алдындағы берешектің міндеттемелердің құрылымындағы үлесі

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚРҰБ есептері

Кәсіпорындардың кірістілігі төлем күйде қалды (3.3-график). Халықтың нақты кірістерінің төмендеуі тұтынушылық белсенділіктің төмендеуіне және көтерме және бөлшек сауда айналымдарының қысқаруына ықпал етті. Ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарлар шығыстары азық-түлік шығыстарымен алмастырылды. Бөлшек сауда сегментінде тағам өнімдерінің жандануы (+6,2%) байқалды, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың сатылуы қысқарды (-1,4%).

Сауда секторындағы кәсіпорындардың қаржылық жағдайы тұрақсыз күйде қалды. 2016 жылдың қорытындысы бойынша банктердің осы саладағы кәсіпорындарға берген қарыздарының көлемі бір жылда 26%-ға өсті, негізгі өсу өтімділіктің қажетті деңгейін ұстап тұру үшін қарыздар тартумен байланысты болды (3.4-график).


Жұмыс істемейтін қарыздар деңгейінің төмендеуіне қарамастан, объективті бағалау бойынша банктер портфелінің сапасы төмен болып қалды. 2016 жыл бойы банктердің портфелінде стандартты қарыздар үлесінің төмендеуі байқалды (3.5-график). Импортер компаниялардың қарыздарға қызмет көрсетумен байланысты ахуалдың нашарлауы мерзімі өткен қарыздардың өсу факторының бірі болды. Сауда секторының ірі кредиторларының портфеліндегі тәуекелдердің жинақталуы байқалды, берілген қарыздардың 24%-дан астамы агроөнеркәсіптік холдингтердің үлестес компанияларында, сол сияқты байланысты компанияларды қаржыландыруы жүзеге асыратын бірқатар банктерде жинақталған. Бірқатар банктерде неғұрлым сапалы қарыз алушылар есебінен ескі қарыздарды жаңа қарыздармен ығыстыру байқалды.

Ауыл шаруашылығы

2016 жылы өндіріс көлемінің өсуі қолайлы климаттық жағдайлармен және мемлекет көрсеткен көмекпен қамтамасыз етілді (3.6-график). 2016 жылдың қорытындылары бойынша өсімдік өнімдері көлемінің өсуі, оның ішінде экспорт көлемінің ұлғаюын қамтамасыз ете отырып 7,8%-ға жетті.

Осыған қарамастан, өндірістің өсуі


3.4-график. Көтерме және бөлшек сауда саласының кәсіпорындарына берілген қарыздардың көлемі



Ағымдағы өтімділік коэффициенті – қысқа мерзімді активтердің қысқа мерзімді міндеттемелерге қатысы


Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы және ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері негізіндегі ҚРҰБ есептері

3.5-график. Көтерме және бөлшек сауда саласының несиелік портфелінің сапасы



Дереккөзі: реттеушілік есептілік негізіндегі ҚРҰБ есептері

3.6-график. Ауыл шаруашылығы саласының нақты көлемінің индексі



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

кәсіпорындардың қаржылық жағдайын жақсартқан жоқ. Кәсіпорындардың балансындағы міндеттемелердің үлесі жоғары, оның 50%-ы қысқа мерзімді болып табылады. Өтімділіктің жоғары көрсеткіштері тартылатын қарыздармен қолданып отырылады (3.7-график).

Салалық ерекшеліктеріне қарай тартылатын қарыздар басым түрде ірі болып табылады. Ұзақ өндірістік цикл, анық маусымдылық және саланың циклділігі ұзақ кредиттік ресурстарға деген жоғары сұранысқа байланысты. Алайда, банктердің пікірі бойынша ауыл шаруашылығын кредиттеу тәуекелді болып табылады және банктер капиталы төзімділігінің көтеріңкі қорын талап етеді. Осыған байланысты, осы саланы қаржыландыруға қабілетті банктердің саны айтарлықтай аз. 2016 жылдың қорытындылары бойынша мемлекеттің ауыл шаруашылығын қолдауы берілген кредиттер көлемінің 38%-ға өсуі үшін негіз болып табылады. Бұл өсу ірі агроөнеркәсіптік холдингтің еншілес компанияларын қаржыландыру есебінен «1-топтағы» банктің белсенділігімен байланысты (3.8-график), экономикаға кредиттер портфелінде ауыл шаруашылығына қарыздардың үлесі 2015 жылғы 7%-дан 2016 жылғы 8%-ға дейін өсті. Қалған банктер негізінен мемлекет қаражатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне орналастырды.


2016 жыл бойы активтердің төмен сапасы банктердің ұсынысына қысым көрсетті. 2016 жылы ескі, сол сияқты жаңа қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың үлесі ұлғайды (3.9-график).

2015 жылы валюталық қарыздарды қайта бағалау клиенттердің борышқа қызмет көрсету мүмкіндігіне теріс әсер етті, бұл олардың сапасының төмендеуіне әкелді. Байланысты және үлестес ұйымдарды, сол бір қарыз алушыларды кредиттейтін бірқатар банктерде кредиттік тәуекелдің жинақталуы байқалды.

Өңдеуші өнеркәсіп


2016 жылы өндіріс көлемі бірте-бірте қалпына келе бастады. Өзгермелі айырбастау бағамы режиміне көшу 2015 жылдың соңында осы салаға сыртқы күйзелістердің теріс ықпалын

3.7-график. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық көрсеткіштері




Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚРҰБ есептері

3.8-график. Ауыл шаруашылығы саласының берілген қарыздарының көлемі



Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

3.9-график. Ауыл шаруашылығы саласының несие портфелінің сапасы



Дереккөзі: реттеушілік есептілік негізіндегі ҚРҰБ есептері

жұмсартты. Нақты көлем индексінің 2016 жылы 0,7%-ға өсуі саланың бәсекеге қабілеттілігінің қалпына келуімен байланысты. Өндіріс көлемінің өсуі ішкі нарыққа бағытталған салаларда байқалды.

Кәсіпорындардың қаржылық жағдайының жақсаруы (3.10-график). Өтімділік тартылатын қарыздармен қолданды.

2016 жылы қарыздар портфелінің өсуі байқалды. Өндеуші өнеркәсіптің портфелі 2015 жылғы 9%-дан 2016 жылғы 19%-ға дейін ұлғайды. Банктер бірқатар салаларды кредиттеуді айтарлықтай кеңейтті: фармацевтикалық өндіріс (5 есе), қағаз және қағаз өнімін өндіру 1,7 есе). (3.11-график). Берілген қарыздардың 85%-ы қысқа мерзімді болды. Ұзақ мерзімді кредиттерді басым түрде тамақ өнімдерін және басқа да металл емес минералдық өнім өндірушілер тартты.


Жалпы алғанда 2016 жылы берілген қарыздардың сапасы жоғары болды. Бір жыл бойы проблемалық қарыздардың үлесі төмендеді (3.12-график). Алайда бірқатар банктерде проблемалық қарыз алушылардың, атап айтқанда дайын металл бұйымдарын және басқа да металл емес минералдық өнімді өндіру саласында олардың санының өсуі байқалды.

Құрылыс

Индустриалдық-инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру құрылыстың өсуінің оң қарқындарын қамтамасыз етті. Өнеркәсіптік объектілер және көлік және қоймаға салу объектілерінің құрылысы саласында құрылыс-монтаждық жұмыстардың ұлғаюы, сол сияқты тұрғын үй құрылысы өсу қарқындарының баяулауы байқалды. Тұрғын үй құрылысы өсуінің оң қарқындары Астана (+34,5%) және Алматы (+19,4%) қалаларында сақталды.

Құрылыс жұмыстары көлемдерінің өсуі аясында саланың түсімділігі өсті. Банктер алдындағы міндеттемелер үлесінің қысқаруы байқалды. Өтімділік көрсеткіштері 2015 жылдың соңында олардың құлдырауынан кейін қалпына келді (3.13-график). Негізгі капиталға инвестициялар көлемі басым жағдайда меншік

3.10-график. Өндеуші өнеркәсіптің қаржылық көрсеткіштері



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚРҰБ есептері

3.11-график. Өндеуші өнеркәсіптің жекелеген салаларына берілген қарыздардың көлемі



Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

3.12-график. Өндеуші өнеркәсіптің несие портфелінің сапасы




Дереккөзі: реттеушілік есептілік негізіндегі ҚРҰБ есептері

қаражаты есебінен ұлғайды (3.14-график). Тартылатын банктік қарыздардың серпіні инвестициялар құрылымында теріс болып қалды (-9%).

Банктердің кредиттер ұсынуы қысқаруын жалғастырды. Банктер инвестициялық жобаларды бағалауға қойылатын талаптардың қатандауын атап өтті. Осы орайда 2016 жылы берілген кредиттер көлемі 17%-ға қысқарды. Кредиттеу көлемдерінің төмендеуі барлық салаларда байқалды: азаматтық құрылыс (-24%), мамандандырылған құрылыс жұмыстары (-21%), үйлер мен ғимараттар құрылысы (-19%) және жылжымайтын мүлікпен операциялар (-9%) (3.15-график).

Банктердің проблемалы қарыздарды 2014-2015 жылдары есептен шығаруы портфель сапасының айтарлықтай өзгеруіне әкелген жоқ. Жалпы алғанда, 90 күннен артық мерзімі өткен берешектер үлесінің азаюына қарамастан (3.16-график), бірқатар банктер портфелінің сапасы 2016 жылы берілген қарыздар бойынша мерзімнің өтуіне байланысты нашарлады. Соған қарамастан, 2016 жылы инфрақұрылымдық жобаларға тартылған құрылыс компанияларының қарыздары сапа жағынан айрықшаланды.

3.14-график. Мемлекеттік және шетелдік қатысуынсыз кәсіпорындардың негізгі капиталына инвестициялардың нақты көлемінің индексі




Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚРҰБ есептері

3.15-график. Құрылыс саласының берілген қарыздарының көлемі




Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

3.13-график. Құрылыс саласының қаржылық көрсеткіштері



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚРҰБ есептері

3.16-график. Құрылыстың несиелік портфелінің сапасы



Дереккөзі: реттеушілік есептілік негізіндегі ҚРҰБ есептері

4 Бөлшек сегментті кредиттеу

Бөлшек кредиттеу сегменті қысқаруын жалғастырды. 2016 жылдың соңына банк секторының белсенділігі біршама төмендеді – жыл қорытындысы бойынша қарыздар портфелі 3%-ға қысқарды. Бұған халық арасында төлемге қабілетті сұраныстың төмендеуі және банктер тарапынан ұсыныстардың төмен болуы ықпал етті. Банктер 2016 жылы жаңадан қарыз алушыларға қойылатын талаптардың қатаңдауын, ал тексерілген клиенттер үшін олардың жұмсарғанын атап өтті.


Бөлшек сегмент портфелінің қысқаруына қамтамасыз етусіз тұтынушылық кредиттеудің төмендеуі неғұрлым үлкен үлес қосты (-2%). Қамтамасыз етілмеген қарыздардың портфелі берілген қарыздар көлемінің жағымды өсу қарқыны жағдайында теріс трендке ие болды (+11%) (4.1-график). Бұл үрдіс қарыздар айналымдылығының ұлғаюымен, сондай-ақ есептілікті жақсарту бойынша шаралармен түсіндіріледі, ол беру көлемдері мен өтеу көлемдерінің бір мезетте ұлғаюына ықпал етті.

Қамтамасыз етумен тұтынушылық кредиттеу сегменті бұрынғыша тұралауда. 2016 жылы берілген қарыздар көлемі 6%-ға қысқарды. Жылжымайтын мүлікке бағаларға қатысты белгісіздік қамтамасыз етумен кредиттеу мөлшерлемелерінің төмендеуіне шектеу қойды. Осыған байланысты қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген мөлшерлемелер арасындағы дифференциал айтарлықтай қысқарды (4.2-график). Банктер маусымдық сұраныстың болуын атап өтті және 2 жарты жылдықта кезек күттірмейтін қажеттіліктерге сұраныстың жандануы байқалды (4.2 -график).

Автомобиль көлігі құнының өсуі халықтың автокредитке деген сұранысына кері әсерін тигізді (4.3-график). Бұл сегментті өз портфелінде сақтау үшін банктер серіктестік бағдарламалар шегінде авто өндірушілермен және автодилерлермен бірлесіп жұмыс істеді.


2017 жылы тұтынушылық кредиттеуде орташа өсу күтіледі. Экономикадағы белгісіздікке байланысты банктер кредиттеудің консервативтік саясатын ұстанатын болады. Банктер үшін активтер сапасын ұстау басым болып қала береді.

4.1-график. Бөлшек сегментке берілген қарыздардың номиналдық өсуіндегі* үлес



Номиналдық өсу - өткен жылдың осындай кезеңіне пайыздық өзгеріс
Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

4.2-график. Халыққа кезеңде берілген тұтынушылық кредиттер



Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

4.3-график. Автокредиттеу сегменті



Дереккөзі: реттеушілік есептілік, кредиттік тіркелімнің және ҚР ҰЭМ статистика комитетінің деректері негізіндегі ҚРҰБ есептері

Банктердің ипотекалық тұрғын үйді кредиттеудегі белсенділігі төмен болып қалды. Банктердің пікірінше арзан қорландырудың болмауы, төлемге қабілетті қарыз алушылар санының қысқаруы бұл сегмент рентабельділігінің төмендеуіне себеп болып отыр.

2016 жылдың 2-ші жарты жылдығында 4 топтың ішіндегі екі банк өзгеше болды. Бұл банктер құрылысшылармен бірлескен бағдарлама шеңберінде жалақы жобалары бойынша клиенттерге анағұрлым төмен мөлшерлемелермен қарыз берді. Бұл банктердің оң кредиттік белсенділігі тұрақты қорландыру базасы мен ұзақ келешекке қаражат орналастыру үшін ресурстардың жеткілікті көлемі арқылы сақталды (4.4-график).


Банктердің пікірінше 2017 жылы ипотекалық тұрғын үй қарыздарын ұсыну төмен болып қалады. Халықтың нақты кірісі мен кредиттеудің жоғары мөлшерлемесі кредит алу үшін тежеуші фактор болып қала береді.

5 Микрокредиттеу

Заңнамаға енгізілген өзгерістер нарыққа қатысушылар санының қысқаруына себеп болды. Нарықты жосықсыз қатысушылардан тазарту және халықтың сенімділігін арттыру басты мақсаттардың бірі болды. 2016 жылдың қорытындысы бойынша микрокредиттік ұйымдардың саны жыл басынан бері 22%-ға қысқарды (5.1-график).


2016 жылы микрокредиттік ұйымдар санының қысқаруы қарыздар беру көлемінің қысқаруына әкеп соқпады. Банктердің бағадан тыс талаптарды қатаңдатуы жеке тұлғалар мен шағын бизнес¹ тарапынан микроқаржы ұйымдарының қарыздарына деген сұраныстың өсуіне оң ықпалын тигізді (5.2-график). Жоғары сыйақы мөлшерлемелерге қарамастан жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүдделілігі қажетті құжаттар тізбесіне қойылатын талаптардың төмендігі мен өтінімдерді мақұлдаудың жоғары жылдамдығына байланысты.

4.4-график Банктер топтары бойынша берілген ипотекалық-тұрғын үй қарыздарының номиналдық өсуіндегі* үлес



Номиналдық өсу - өткен жылдың осындай кезеңіне пайыздық өзгеріс
Дереккөзі: ақша-кредит статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

5.1-график. Микрокредиттік ұйымдардың саны




Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

¹ Анықтама: МҚҰ кредиттік портфеліндегі жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге берілген қарыздар үлесі 2016 жылдың соңында 98% болды.

Микрокредиттеудің өңірлік құрылымы біркелкі емес. Клиенттер тартатын қарыздардың неғұрлым көп шоғырланған жері Алматы қаласында және Оңтүстік Қазақстан облысында болды (80% және сәйкесінше 11%). Шұғыл қажеттілік пен тұтынушылық тауарлар алу, ал жеке кәсіпкерлер арасында айналымдағы қаражатын толықтыру қарыз халық арасында алудың басты мақсаты болып қалады (5.3-график).


Қорландыру құрылымы айтарлықтай өзгерді. 2016 жылы тартылатын қарыз қаражатының көлемі азайды, редиттер негізінен меншікті қаражат есебінен берілді (5.4-график). Бұған теңгедегі қорлар құнының өсуі және банктер тарапынан ұсыныстың төмен болуы себеп болды.

5.2-график. Микрокредиттік ұйымдардың жеке тұлғаларға берген қарыздарының мөлшерлемелері және көлемі



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚРҰБ


5.3-график. Берілген қарыздарды өңірлік бөлу 2016 жылдың соңына



*Өңірлер: Шығыс өңір – ШҚО; Батыс өңір – БҚО, Маңғыстау, Атырау және Ақтөбе облыстары; Оңтүстік өңір – Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстары; Солтүстік өңір – СҚО, Павлодар, Қостанай және Ақмола облыстары; Орталық өңір – Қарағанды облысы.

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚРҰБ

5.4-график. Берілген қарыздарды қаржыландыру көздері



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚРҰБ